

2021 жылдың 20 мамырында ГД-18-3 тобында сталиндік саяси қуғын-сүргін құрбандарын еске алу, Қарлаг мұражайымен студенттерді таныстыру сағаты өтті. Елімізде каратиндік режимге байланысты студенттерді апару мүмкіндік болмағандықтан іс-шара онлайн форматта Майкрософт Тимс платформасында өтті. Топ кураторы Жунусбекова Г.Ж. саяси қуғын-сүргін құрбаны болған мыңдаған жазықсыз адамдардың тартқан азабы жайлы, Қарлаг - Қазақстанның Қарағанды облысындағы ГУЛАГ-тың ең ірі еңбекпен-түзеу лагерлерінің пайда болу тарихын баяндап берді. Содан кейін студенттерге Қарлаг жайлы интернет желісінен алынған бейне роликтер көрсетілді, яғни студенттерге онлайн форматта экскурсия жүргізілді.



